

**КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»
тамақтану сапасы мониторингі жөніндегі комиссияның отырысының
Хаттамасы №3**

«29» наурыз 2023 жыл

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.

Әдіскер – Кулджина Г.Б.

Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.

Балабақша медбикесі, диетбикесі – Есжанова М.С.

Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.

Қоймашы – Бердибаева М.Д.

Күн тәртібінде:

1. Дайындалған тағамдардың дәмдік сапасын бақылау нәтижелері.
2. Ас блогының санитарлық-гигиеналық жағдайын тексеру.

Тыңдалды:



Балабақша басшысы Ш.А. Мухаметрахимова бірінші мәселе бойынша сөз сөйледі. 2023 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз айларында бракераждық комиссияны тексеру барысында, тамақ өнімдеріне сәйкес келетіндігін бракераждық комиссияның актілерінде көрсетілген атап өтті. Балабақшаның тамақтануы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы бұйрық, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ-59 бұйрығымен, тексеру актілері тесерілді. Күнделікті азық-түлік өнімдерге сәйкестігі қатаң тексеріліп, сертификаттары сақталады, азық-түлік мерзімдері және азық-түлік сапасын үнемі назарда ұстап отырамыз. Азық-түлік қоймада, ас блогында тоңазытқыштарда сақталады. Үшінші тағам «С» витаминдеу жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №0320 «көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін, дәлсіздіктерін, түрлері мен қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес КМҚК «№140 бөбекжай-балабақшада бір балаға күніне тамақтың граммы сәйкес келеді, күн сайын тағамдардың көлемі көрсетілген бекітілген ас мәзіріне сәйкес жасалынған. Балабақша басшысымен бекітілген ас мәзірі балабақшаның кіре-берісінде, топтардың алдында ілінеді. Балабақша басшысымен бекіткен он күндік ас мәзірі (қыс-көктем, жаз-күз), балалар тағамы тағамдарының картотекасы бар, бракераж журналы, қойма кітабы бар. Балабақшаның диетбикесі ай сайын тамақтануға талдау жасайды, ыдыс-аяқты ауыстыру кестесін қолданады, жинақтау ведомосын жүргізеді, 10 күн ішінде орындалуына талдау жүргізіледі, содан кейін айдың екінші он күндігінде түзетулер енгізеді. Күн сайын дайын тағамдарды органолептикалық бағалауы жүргізіледі. Бекітілген кестеге сәйкес балабақшаның ата-аналар мен бракераждық комиссия мүшелері балалардың

тамақтануын тессеруге қатысып тұрады. Бағалау нәтижелерін балабақша диетбикесі бракераждық журналға енгізеді.

3. Ас блогының санитарлық-гигиеналық жағдайын тексеру мәселесі бойынша балабақша медбикесі тыңдалды. Ас блогы қызметкерлеріне сыртқы киімдерін сақтайтын жеке шкафтар көзделген, барлық сыртқы киімдері және бас, аяқ киімі жабық жеке шкафтарда сақталатындығын атап көрсетті. Жұмыстың алдында медбике ас блогы қызметкерлерінің денсаулығын, дене кызуын, денелері мен қолдарында тері ауруларының бар-жоғын тексеріп шығады. Ас блогында күнтізбеге сәйкес тазалық шаралары жүргізіледі, мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың санитарлық қағидалары қатаң сақталған. Балабақшада тамақтың сапасы «мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың» санитарлық қағидаларының қатаң сақтайтындығы анықталды.

Шешімі:

1. Балабақшада тамақтың сапасы «мектепке дейінгі ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың» санитарлық қағидаларының қатаң сақтайтындығы анықталды.
2. Балабақшаның ас блогының санитарлық-гигиеналық жағдайын жалпы қанағаттанарлық.

1. Комиссия төрайымы балабақша басшысы:  Мухаметрахимова Ш.А.
2. Комиссия мүшелері:
3. Балабақша әдіскері -  Кулджина Г.Б.
4. Кәсіподақ төрайымы -  Масакбаева Б.Р.
5. Балабақша медбикесі, диетбикесі -  Есжанова М.С.
6. Ата-аналар комитетінің мүшесі -  Мейрбекова К.С.

